

**"Туризм саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы" Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 1 қазандағы № 294 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 11 сәуірдегі № 103 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 4 мамырда № 3737 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 30 маусымдағы № 142 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы әкімдігінің 30.06.2020 № 142 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 16-бабының 1 және 3-тармақтарына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 1 қазандағы № 294 "Туризм саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламентін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3390 болып тіркелген, 2015 жылдың 5 қарашасында "Оңтүстік Қазақстан" газетінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

қаулының 1-тармағының 2) тармақшасының орыс тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалады, мемлекеттік тіліндегі мәтіні мынадай редакцияда жазылсын:

"Туристік ақпаратты, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері мен туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпаратты беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес б е к і т і л с і н . " ;

көрсетілген қаулының "Туристік операторлық қызметті (туроператорлық қызмет) жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті" деген 1 - қосымшада :

"1. Жалпы ережелер" деген тарауда:

1-тармақтың 1) тармақшасында "Халыққа қызмет көрсету орталығы (бұдан әрі – Орталық)" деген сөздер "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация)" деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

бүкіл мәтіні бойынша "Халыққа қызмет көрсету орталығымен", "Орталыққа", "Орталықтың", "Орталық" деген сөздер тиісінше "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясымен", "Мемлекеттік корпорацияға", "Мемлекеттік корпорацияның", "Мемлекеттік корпорация" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулының "Туристік, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері және туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпарат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті" деген 2-қосымшада:

орыс тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалады, мемлекеттік тіліндегі мәтіннің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Туристік ақпаратты, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері мен туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпарат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті";

"1. Жалпы ережелер" деген тарауда:

1-тармақтың орыс тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалады, мемлекеттік тіліндегі мәтіні мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Туристік ақпаратты, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері мен туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпарат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) "Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму және туризм басқармасы" мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетіледі.";

3-тармақтың орыс тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалады, мемлекеттік тіліндегі мәтіні мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – туристік ақпаратты, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері мен туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпаратты беру.";

"2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау" деген тарауда:

5-тармақтың 1) тармақшасының орыс тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалады, мемлекеттік тіліндегі мәтіні мынадай редакцияда жазылсын:

"көрсетілген қызметті берушінің кеңсе қызметкері өтінішті тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 495 бұйрығымен бекітілген "Туристік ақпаратты, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері мен қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпарат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі стандартының (бұдан әрі - Стандарт) 9-тармағымен қарастырылған өтініштің қабылданғаны жөнінде талон береді және 20 минут

ішінде өтінішті көрсетілетін қызметті берушінің басшылығына ұсынады;"

4-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау";

1-қосымшаның орыс тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалады, мемлекеттік тіліндегі мәтіннің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Туристік ақпаратты, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері мен туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпарат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне".

2. "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

2) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.Қ.Тұяқбаевқа жүктелсін.

*Облыс әкімі*

*Б.Атамқұлов*

*Д. Сатыбалды*

*Е. Садыр*

*Ұ. Сәдібеков*

*С. Тұяқбаев*

*К. Мендебаев*